

Мангыстау - Ер Бекеттің туған жері



Бекет Ата мешіті. Бейнеу.

Бекет Атаның бақилық орнына апаратын соқпақ
реставрация, құрылыс-жөндеу жұмыстарынан соң.






Жаздағы жағалау



Шақпақ Ата


Түйе, түйе, түйелер.





Каспийдегі аққулар.





Ақмыш тауы.



Теңіз таулары.

Қыстағы көрініс



Күн батардағы Каспий.





Қошқар тас











Шерқала




Қаракөл көлі






Мерейтой қарсаңындағы Ақтау қаласы.

Ақтаудың түнгі оттары



Түнгі Ақтау




№5 (05) 2010 жыл

АНЫЗ

адам

*Ұлт
Мақтанбасы*



Мәдинеде – Мұхаммед.

Түркістанда – Қожа Ахмет.

Маңғыстауда – Пир Бекет!

Бекет Ата

(1750-1813)


БЕКЕТ АТА ЖИІ ҚОЛДАНҒАН ӨНЕГЕЛІ СӨЗДЕР

Бекет Атаға қатысты ел арасында айтылатын мақал-мәтелге айналған мына төрт өсиет сөз халық жадында берік сақталған екен. Ол кісі 63 жыл өмір сүрген саналы ғұмырында «Тек жүрсен – тоқ жүресің», «Бейнетіне сабырлылық қылсын, ал рахатына шүкіршілік қылсын», сондай-ақ «Жақсыны өзің үшін, ал жаманды мен үшін сыйла» және «Ниетің – жолдасың болсын» деген сөздерді жиі айтқан көрінеді.

«Бекет Ата өмірінде қиындықтарды көп көрген, адам таңқаларлық кереметтер істей алатын үлкен қасиет иесі, сопылықтағы ең жоғарғы мәртебе – «машайық» дәрежесіне жеткен, қазақтар, түрікмендер мен өзбектер арасында атағы кең жайылған адам еді»

(Таскирай Мұхаммад Бахир қолжазбасынан.)

Құрылыс жұмыстарының барысы талқыланған
кезекті мәжілістен соң. 2000 жыл, шілде.



Алыстан келген қонақтар Ата мешіті алдында.



Н. Ә. Назарбаев пен Ә. Кекілбаев
Шопан-Ата құдығы басында. 1994 жыл, маусым.





Н. Ә. Назарбаевтың Бекет Атаға тәуап етуге бара жатқан кезі.

Құрылыс жұмыстарының барысы талқыланған кезекті мәжілістен соң. 2000 жыл, шілде.



Алыстан келген қонақтар Ата мешіті алдында.



Атаның көк асасының мұрагері Тұрсынғали
Нәкешов асқа жеткізген киелі жәдігер
облыс әкімі Л. Қиыновтың қолында



**Бекет Атаның ұрпағы
Көбен Аралбайұлы
Пір Атаның қара
шаңырағының
маңдайша ағашын
қастерлеп ұстауда**



ЕСЕТ БАТЫРДЫҢ БЕКЕТ АТАҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

Тоқсаннан асқан шағында Есет батыр он екі жасар жиені Бекетке:

*«Үстіңнен дүбір кетпесін,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін.
Ақ пен қараны айырар,
Жауды кері қайырар,
Атыңда айтып тұрғандай, дүр боларсың.
Елге шуақ шашып нұр боларсың,
Үш жүзге танымал Пір боларсың...»* –
деп бата берген екен. Бала кезінен-ақ зеректігімен

көзге түсіп, алдымен атасы Жаналыдан, сонынан ауыл молдасынан сауатын ашқан Бекет Ата 14 жасында Хиуадағы Шерғазы хан медресесіне оқуға барады. Оның түсіне еніп, ұстаз – пір тауып, сопылық жолын ұстануға сілтеме жасаған Маңғыстаудың Қараойындағы белгілі әулие Шопан Ата екен делінеді. Ал Атаның бойындағы Алла сыйлаған ерекше қасиет пен айрықша қабілетті алғаш байқап, оған діни білім алуға кеңес берген ағасы Мендікұл ба-


тыр көрінеді. Шерғазы хан медресесін тәмамдаған Бекет Ата 21 жасында туған жеріне оралып, Жем бойындағы Ақмешітті тұрғызып, бала оқытыпты. Ал 24 жасында Бейнеуде жерасты мешіт салады. Ол мешіт Қазақстанның басқа аймақтарында көп кездесе бермейтін, негізінен Аллаға сыйынуға ең қолайлы делінетін жерлерде салынатын, өте қасиетті, береке бастауы саналатын, дінімізде «завийа» деп аталатын сопылардың бас қосып, ілім алатын орны.

АНҒЫЗ
адам





Бекет Ата мешіттерін картада нүктелермен белгілеп, түзу сызықтар арқылы бірін-біріне қоссақ, тең бүйірлі екі үшбұрыш шығар еді. Олар: «Байшағыр – Тобықты – Ақмешіт», «Байшағыр – Оғланды – Бейнеу» үшбұрыштарына ортақ нүкте «Байшағыр» болады. Ертеден келе жатқан діни сенімдерде «үшбұрыш» – мәңгілік белгісі. Бұл мешіттер кездейсоқ салынбай, Перудегі Наска кесінділері сияқты заңдылықпен салынған. Мысалы, мешіттердің орналасуындағы фигураларды цифрлармен белгілесе, Құран Кәрімнің бірінші сүресінің «Барлық мадақ бүкіл ғаламды жаратушы Аллаға тән» деген бірінші аяты шығады.



Бекет Ата Хиуадағы Шерғазы медресесін бітірген соң еліне келіп, ерекше дәстүр бастап, Мұғалжардан, Жемнен, Бейнеуден, Тобықтыдан тауды уңгіп, бала оқытатын әсер асты мешіттерін, ал Байшағырдан намазхана салады. Халық аузындағы әңгімелерге қарағанда, мұның жалпы саны жетеу, бірақ әзірге халық танып, зиярат жасап жүрген мешіт саны – бесеу.

АНКІЗ
адам

Бекет Ата бейітінің
басындағы арқарлар

